

Қазақстан Республикасы  
Астана қаласы әкімдігінің  
«Қасым Қайсенов атындағы  
№27 мектеп-лицей»  
ШЖБ МКК



Республика Казахстан  
ГКП на ПВХ  
«Школа-лицей №27  
имени Қасыма Қайсенова»  
акимата города Астаны

## БҰЙРЫҚ

2025 жылғы «02» қыркүйе  
Астана қаласы

## ПРИКАЗ

№418 Ж/К  
город Астана

### Құқықбұзушылықтың алдын алу туралы

Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықтық тәрбие жұмыстарын күшейту, оқушылардың мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықтық тәрбие беру бойынша кешенді іс-шаралар жоспары әзірленсін және жүзеге асырылсын.
2. Сынып жетекшілері ай сайын құқықтық тәрбие сағаттарын өткізсін және оқушылардың тәртібін жүйелі бақылауда ұстауын қамтамасыз етсін.
3. Әлеуметтік педагог пен мектеп психологына оқушылардың әлеуметтік жағдайы мен мінез-құлқына үнемі мониторинг жүргізу тапсырылсын.
4. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында тәрбие бөлімімен полиция қызметкері бірігіп, оқушылармен құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған профилактикалық әңгімелер мен кездесулерді тұрақты түрде ұйымдастырсын. Кездесулер жоспары алдын ала құрылып, нәтижелері хаттамалық мектеп әкімшілігіне ұсынылсын.
5. Құқықбұзушылық фактілері тіркелген жағдайда, дереу мектеп әкімшілігі мен тиісті органдарға хабарлау міндеттелсін.
6. Бұл бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Д.М.Шомановаға, А.С.Идрисоваға жүктелсін.

Директордың М.Г.



М.Г.Макаева